 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 1 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

«БЕКІТЕМІН»

Қабылдау комиссиясының төрағасы

_____ Турмухамбетова А.А.

«__» _____ 20 ж.

**«АСТАНА МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН
ШЕТ ЕЛ АЗАМАТТАРЫМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН ӘНГІМЕЛЕСУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мазмұны

1	Мақсаты және қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлім	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Әңгімелесу өткізу нысаны	3
3.3	Әңгімелесу мазмұны	4
3.4	Құжаттарды қабылдау кестесі және қабылдау емтиханын өткізу мерзімдері	3
3.5	Апелляция	4
3.6	Оқуға қабылдау	4
3.7	Байланыс ақпараты	4
	1-қосымша Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби білімді бағалауға арналған әңгімелесу сұрақтары	5
	2-қосымша Бағалау шкаласы	23
	3-қосымша Апелляцияға өтініш	24
	4-қосымша Шақыру хаты	25
	5-қосымша Оқуға қабылдау туралы өтініш	26
	Келісу парағы	27



1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Бұл бағдарлама магистратураның білім беру бағдарламаларына түсушілерге арналған.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

3.1 Қысқаша ақпарат

НАО «Медицинский университет Астана»-ға шетел азаматтарын білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау тәртібі Университеттің оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарымен әңгімелесу өткізу бағдарламасы білім беру бағдарламалары бойынша әңгімелесуді өткізу тәртібін айқындайды.

Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау «Астана медициналық университеті» КеАҚ қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүргізіледі.

3.2 Әңгімелесуді өткізу нысаны

Әңгімелесу келесі мақсаттарда өткізіледі:

- оқыту тілі бойынша білім деңгейін бағалау;
- академиялық және кәсіби дайындық деңгейін анықтау;
- оқуға деген уәждемені айқындау;
- коммуникативтік және тұлғалық қасиеттерді бағалау.

Әңгімелесу жеке тәртіпте, офлайн және онлайн форматтарда өткізіледі.

Әңгімелесудің ұзақтығы: 15–25 минут.

Өткізу тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Әңгімелесуден өтуге арналған өтінімдер келесі сілтеме арқылы онлайн түрде қабылданады: <https://admission.amu.kz/registration.php>.


Талапкер әңгімелесуге қатысу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсетуі тиіс.

Әңгімелесу барысында ережелер бұзылған жағдайда, комиссия әңгімелесуді тоқтатуға және оның нәтижелерін жарамсыз деп тануға құқылы.

3.3 Әңгімелесудің мазмұны

Әңгімелесу келесі бөлімдерден тұрады:

- кіріспе (білім беру және кәсіби тәжірибе);
 - академиялық тіл деңгейін бағалау (терминология, дәлелдеу қабілеті);
 - мамандық бойынша кәсіби білімді бағалау (1-қосымша);
 - зерттеу әлеуетін бағалау (аналитикалық ойлау);
 - уәждемені бағалау (ғылыми және мансаптық мақсаттар).
- Әңгімелесу бағалау шкаласына сәйкес бағаланады (2-қосымша).

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 4 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

3.4 Құжаттарды тапсыру кестесі және әңгімелесуді өткізу мерзімдері

1-кесте.

Құжаттарды қабылдау мерзімі	Әңгімелесуді өткізу	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Оқуға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау
Жыл бойы	1 шілде – 23 тамыз	Нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күннің сағат 13:00-ге дейін	1 шілде – 25 тамыз (студент келгеннен кейін түпнұсқалар)
Жыл бойы	17-28 желтоқсан	Нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күннің сағат 13:00-ге дейін	6 қаңтарға дейін

Күні мен әңгімелесуден өту уақыты өтініш берушінің өтініште көрсетілген электрондық поштасына жіберіледі.

3.5 Апелляция

Апелляциялық өтініштер қабылдау емтиханын тапсырған тұлға тарапынан апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке түрде беріледі. Өтініштер емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күннің сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады (3-қосымша).

3.6 Оқуға қабылдау

Әңгімелесуден сәтті өткен жағдайда өтініш берушінің электрондық поштасына шақыру хаты (Admission letter, 4-қосымша) жіберіледі.

«Астана медициналық университеті» КеАҚ оқуға түскен шетел азаматтары қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Университет ректорының атына белгіленген үлгі бойынша өтініш (5-қосымшаға сәйкес);
- 2) Паспорт көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасымен, Қазақстан нотариусымен расталған);
 - Аттестаттың түпнұсқасы (мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасымен, Қазақстан нотариусымен расталған) немесе білім туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
 - Дипломды нострификациялау туралы құжат;
 - 3×4 көлеміндегі 6 фотосурет;
 - U-075 медициналық анықтама (+ флюорография), екпе паспорты;
 - Медициналық сақтандыру полисі;
 - Иммигрант пен қабылдаушы білім беру ұйымы арасындағы шартқа сәйкес оқу мен тұру шығындарын төлеу қабілетін растайтын құжат (шетелдік этникалық қазақтардан басқа);
 - Таңдалған мамандық бойынша оқуға кедергі келтіретін аурулардың жоқтығын растайтын медициналық анықтама;
 - Соттылығы бар немесе жоқ екендігін растайтын құжат;
 - Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
 - Ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер тізімі (болған жағдайда).

3.7 Байланыс ақпараты:

Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 49А, «Астана медициналық университеті» КеАҚ, қабылдау комиссиясы телефоны: 8 (7172) 539512, ұялы: +7 708 494 2179, e-mail: priyem@amu.kz.

Шетел азаматтарын қабылдау жөніндегі жауапты хатшының орынбасары: Билан Л.И., тел.: 8 701 545 5908.




Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби білімді бағалауға арналған әңгімелесу сұрақтары

Медицина


1. Клиникалық эпидемиологиядағы дәлелдердің дәстүрлі иерархиясы. Сипаттамалық зерттеулер.
2. Клиникалық эпидемиологиядағы дәлелдердің дәстүрлі иерархиясы. Аналитикалық зерттеулер.
3. Клиникалық эпидемиологиядағы дәлелдердің дәстүрлі иерархиясы. Эксперименттік зерттеулер.
4. Дәлелді медицинаның кезеңдері. Клиникалық сұрақты тұжырымдау.
5. Дәлелді медицинаның кезеңдері. Ақпаратты іздеу және сыни талдау.
6. Сенімді медициналық ақпараттың деректер базалары.
7. Клиникалық зерттеулер этикасының тарихи даму кезеңдері.
8. Клиникалық зерттеулер жүргізудің этикалық аспектілері.
9. Ғылыми мақала: бөлімдері, мақаланың әдіснамалық сапасын бағалау.
10. Статистикалық гипотезалар. Гипотезалардың түрлері. Статистикалық гипотезаларды тексеру кезінде жіберілетін қателер.

Қоғамдық денсаулық сақтау

1. Денсаулық сақтау жүйесі түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Ауруды зерттеу әдістерін атаңыз.
3. Медициналық қызмет ұғымына не кіреді?
4. Стационарлық көмек түсінігіне анықтама беріңіз.
5. Туудың жалпы коэффициентін есептеу үшін қандай мәліметтер қажет?
6. «100 қызметкерге уақытша еңбекке жарамсыздық күндерінің саны» көрсеткішін есептеу үшін нені білу қажет?
7. Көрсеткіштің статистикалық термині қандай: 10000 адамға 110 төсек?
8. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес медициналық көмек көрсету нысандарын атаңыз.
9. Әлеуметтік гигиена түсінігіне анықтама беріңіз.
10. Халық денсаулығының статистикалық көрсеткіштерін атаңыз.
11. Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау ұғымдарына анықтама беріңіз.
12. Халықтың табиғи қозғалысының негізгі көрсеткіштерін көрсетіңіз.
13. Қоғамдық денсаулық көрсеткіштерін бағалаудың негізі не болып табылады?
14. Корреляция коэффициенті нені анықтайды?
15. Физикалық белсенділік қандай қауіп факторы болып табылады?
16. Уақыт бойынша процестің немесе құбылыстың динамикасын бейнелеу үшін қандай диаграмма қолданылады?
17. Халықты профилактикалық егулермен қамту толықтығын қалай есептейді?
18. Вариациялық қатарды нұсқалар саны бойынша тең екі бөлікке бөлетін шама қалай аталады?
19. Медициналық қызметкердің кәсіби мінез-құлқы туралы ғылым қалай аталады?
20. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелуін қандай мерзімдерде қайта қарайды?

 <small>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</small>	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 6 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	


21. Әлеуметтік маңызы бар аурулар ұғымын түсіндіріңіз.
22. Денсаулық ұғымына анықтама беріңіз.
23. Денсаулық сақтау ұғымына анықтама беріңіз.
24. Медициналық демография нені зерттейді?
25. Денсаулық сақтау саласындағы сараптама ұғымына анықтама беріңіз.
26. Денсаулық сақтау саласындағы стандарт ұғымына анықтама беріңіз.
27. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау ұғымына анықтама беріңіз.
28. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ұғымына анықтама беріңіз.
29. Денсаулық сақтау ұйымы ұғымына анықтама беріңіз.
30. Денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формуляры ұғымына анықтама беріңіз.
31. Денсаулық үшін ортақ (солидарлық) жауапкершілік нені білдіреді.
32. Донор ұғымына анықтама беріңіз.
33. Жылжымалы медициналық кешендер қандай мақсатта қолданылады?
34. Кәсіптік ауру ұғымына анықтама беріңіз.
35. Клиникалық зерттеу нені білдіретінін түсіндіріңіз.
36. Клиникалық хаттамаға не кіретінін түсіндіріңіз.
37. Қазақстанның ұлттық дәрілік формуляры ұғымына анықтама беріңіз.
38. Қоғамдық денсаулық ұғымына анықтама беріңіз.
39. Қоғамдық денсаулық саласындағы зерттеулер не үшін және қандай мақсатта жүргізілетінін түсіндіріңіз.
40. Медициналық-әлеуметтік көмек нені білдіреді және ол қалай көрсетілетінін түсіндіріңіз.
41. Медициналық-әлеуметтік оңалту ұғымына анықтама беріңіз.
42. Медициналық көмекке не кіретінін түсіндіріңіз.
43. Медициналық көмектің сапасы ұғымына анықтама беріңіз.
44. Медициналық қызметтер ұғымына анықтама беріңіз.
45. Медициналық оңалту ұғымын түсіндіріңіз.
46. Мейіргерлік күтім неден тұрады?
47. Отбасылық дәрігер ұғымына анықтама беріңіз.
48. Скринингтік зерттеулер нені білдіреді.
49. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі ұғымына анықтама беріңіз.
50. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласындағы заңнаманың негізін қандай нормативтік құжат құрайды?
51. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының мақсаты мен міндеті неде?
52. Қазақстан Республикасында медициналық қызметті лицензиялаудың мәні неде екенін түсіндіріңіз.
53. Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты не үшін қажет екенін түсіндіріңіз.
54. Медициналық қызметтердің сапасына сараптама жүргізудің мақсаты қандай?
55. Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру не мақсатпен енгізілді?
56. Қазақстан Республикасында медициналық ұйымдарды аккредиттеу рәсіміне не кіреді?
57. Медициналық қызметті стандарттау ұғымына анықтама беріңіз және оның мақсатын түсіндіріңіз.
58. Халық денсаулығы жағдайының көрсеткіштерін атаңыз.
59. Қоғамдық денсаулық туралы статистикалық деректер әдетте қандай деңгейлер бойынша зерттеліп және талданады?

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 7 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

60. Халықтың статиканын қандай негізгі белгілер бойынша зерттейді?

Денсаулық сақтаудағы менеджмент


1. Менеджмент ұғымы және оның қазіргі нарықтық жағдайдағы рөлі.
2. Кәсіпорын (фирма) шаруашылық субъектісі ретінде.
3. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы және оның құрамдас бөліктері.
4. Фирманың миссиясының негізгі анықтамалары.
5. Менеджменттің негізгі мақсаты мен міндеттері.
6. Ұйымның ішкі және сыртқы ортасын, олардың негізгі элементтері мен денсаулық сақтау саласындағы ерекшеліктерін сипаттаңыз.
7. Менеджмент функциялары: мәні және түрлері.
8. Анри Файоль ұсынған басқарудың 14 қағидатын сипаттаңыз.
9. Нарықтық экономика жағдайында пайда – ұйым тиімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде.
10. Басқарудың классикалық мектебінің мәні неде.
11. Абрахам Маслоу қажеттіліктер иерархиясы.
12. Стратегиялық жоспарлаудың мәні.
13. SWOT-талдау: мәні және қолданылуы.
14. Нарық конъюнктурасы дегеніміз не.
15. PEST-талдау әдістемесі.
16. Ситуациялық тәсілдің мәні неде.
17. Басқарудағы бихевиоризм дегеніміз не.
18. Майкл Портер бәсекелестік стратегиялары.
19. Денсаулық сақтауда SMART-талдауды қолдану.
20. Медициналық ұйымдағы персоналды ынталандыру.
21. Медицинадағы көшбасшылықтың ерекшеліктері.
22. Денсаулық сақтаудағы негізгі тәуекел түрлерін және олардың медициналық ұйым қызметіне әсерін сипаттаңыз.
23. Қақтығыс ұғымы. Қақтығыстың себептері.
24. Өкілеттіктерді делегирлеудің мәні мен маңызы.
25. Менеджменттегі мінез-құлықтық тәсіл.
26. Ұйым стратегиясы дегеніміз не.
27. Бизнес-жоспар: құрылымы және мақсаты.
28. Медициналық қызметкерлердің бейімделуі.
29. Адамдық қатынастар мектебі.
30. Менеджменттегі мінез-құлықтық тәсіл.
31. Коммуникацияның мәні.
32. Басқару стильдері.
33. Диверсификация ұғымы және оның мақсаттары.
34. Денсаулық сақтау жүйесінің басқару объектісі ретіндегі ерекшеліктері.
35. HR-менеджмент дегеніміз не.
36. Кәсіпшілік жоспарлау: анықтамасы, түрлері.
37. Ұйымның өмірлік циклі.
38. Денсаулық сақтау жүйесіндегі тәуекелдер.
39. Медициналық көмектің сапасы: критерийлері.
40. Медициналық ұйымдағы команданы қалыптастыру.
41. Медициналық қызметкерлердің кәсіби күйіп кетуі.
42. Ресурстарды тиімді пайдалану.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 8 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	


43. Дивизиондық құрылымдардың артықшылықтары мен кемшіліктері.
44. Басқаруды орталықтандыру және орталықсыздандыру.
45. Шешім қабылдау әдістері: миға шабуыл, шешімдер ағашы.
46. Коммуникациядағы кедергілер және оларды еңсеру жолдары.
47. Тайм-менеджмент.
48. Бизнес этикасы.
49. Қаржылық менеджмент.
50. Маркетинг-менеджмент: 4Р тұжырымдамасы.
51. Инновациялық менеджмент.
52. Тәуекел-менеджмент.
53. Медициналық қызметтер нарығын маркетингтік зерттеу.
54. Медициналық қызметтер нарығын сегменттеу.
55. Корпоративтік мәдениеттің ұғымы мен мазмұны.
56. Денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі.
57. Медициналық ұйымдағы бизнес-жоспарлау.
58. Менеджменттегі бақылау түрлері.
59. Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістері.
60. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтаудағы менеджменттің ерекшеліктері мен дамуы.

Эпидемиология

1. Эпидемиологияға ғылым ретінде анықтама беріңіз.
2. Эпидемиялық процестің үш буынын атаңыз.
3. «Суық тізбегі» дегеніміз не?
4. Инфекцияның берілуінің негізгі механизмдерін атаңыз.
5. «Антропоноз» ұғымына анықтама беріңіз.
6. Инкубациялық кезең дегеніміз не?
7. Дезинфекцияның түрлерін атап шығыңыз.
8. Спецификалық профилактика дегеніміз не?
9. «Пандемия» терминіне анықтама беріңіз.
10. Контагиоздылық индексі дегеніміз не?
11. Спорадикалық сырқаттанушылық пен эпидемияның айырмашылығын түсіндіріңіз.
12. Эпидемиологиялық қадағалаудың мәні неде?
13. Трансмиссивті берілу механизміндегі тасымалдаушылардың рөлін сипаттаңыз.
14. Тірі және инактивацияланған вакциналардың әсер ету принципін түсіндіріңіз.
15. Паразитизмнің биологиялық мәні қандай?
16. Популяция үшін ұжымдық иммунитеттің маңызын түсіндіріңіз.
17. Ағымдағы дезинфекцияның қорытынды дезинфекциядан айырмашылығы неде?
18. Ұлттық екпе күнтізбесінің құрылымын сипаттаңыз.
19. Табиғи факторлар эпидпроцестің қарқындылығына қалай әсер етеді?
20. Ауруханалардағы «инфекциялық бақылау» ұғымын түсіндіріңіз.
21. Нақты бір індет өршуі кезінде летальдылық көрсеткішін қалай есептеуге болады?
22. Тырысқаққа күдікті науқас анықталған кезде қандай шаралар қолдану қажет?
23. Скарлатина ошағында эпидемиологиялық тексеруді қалай ұйымдастыруға болады?
24. Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша вакцинациялау тактикасын сипаттаңыз.
25. Зооноздар мониторингінде ГИС-технологиялар деректерін қалай пайдалануға болады?
26. Ішек инфекцияларының профилактикасын негіздеу үшін жеке гигиена ережелерін қолданыңыз.

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 9 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	


27. Ауылдық жерлерде дератизация жоспарын қалай құруға болады?
28. Вакцинаның тиімділігін бағалау үшін қандай статистикалық әдістерді қолданасыз?
29. Бір жылдағы инфекциялық сырқаттанушылық қозғалысы туралы есепті қалай дайындау керек?
30. Қанмен байланысты апаттық жағдайдағы (АИТВ қаупі) іс-қимыл алгоритмін сипаттаңыз.
31. Су және тағам арқылы болатын індет өршулерінің эпидемиологиялық ерекшеліктерін салыстырыңыз.
32. Стационарлардағы антибиотикке төзімділіктің (резистенттілік) өсу себептерін талдаңыз.
33. Көші-қон процестері мен туберкулездің таралуы арасындағы байланысты анықтаңыз.
34. Қазақстан Республикасындағы МКБИ (ИСМП) тіркеу жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын талдаңыз.
35. «Жағдай-бақылау» зерттеуі мен когорттық зерттеулердің дизайнын салыстырыңыз.
36. Реанимация бөлімшесіндегі ауруханаішілік инфекциялардың даму қауіп факторларын анықтаңыз.
37. Вирустық гепатиттердің сырқаттанушылық құрылымын берілу жолына байланысты талдаңыз.
38. «Суық тізбегі» жұмысындағы қандай қателіктер препараттардың бұзылуына жиі әкеледі?
39. Климаттың өзгеруінің табиғи-ошақты инфекциялар ареалдарына әсерін талдаңыз.
40. Вакцинациямен қамту және қызылша эпидемияларының циклділігі арасындағы өзара байланысты анықтаңыз.
41. Ірі көлік торабы үшін инфекциялардың алдын алу моделін әзірлеңіз.
42. Жаңа эмерджентті инфекцияның пайда болу себептері туралы гипотеза тұжырымдаңыз.
43. Эпидкадағалау жүйесіне жасанды интеллектті біріктіру жоспарын ұсыныңыз.
44. Халыққа арналған кене энцефалитінің алдын алу бойынша буклет әзірлеңіз.
45. Көпбейінді клиника үшін «Таза қолдар» бағдарламасының жобасын құрыңыз.
46. «Инфодемиямен» және вакцинацияға қарсы көзқарастармен күресу стратегиясын ұсыныңыз.
47. Микробиологиялық зертхана үшін биологиялық қауіпсіздік жүйесін жобалаңыз.
48. Сальмонеллез кезінде қауіп факторларын анықтауға арналған сауалнама әзірлеңіз.
49. Қолжетімділігі қиын аудандарда сырқаттанушылық туралы деректерді жинаудың инновациялық әдісін ұсыныңыз.
50. Студенттерге цифрлық эпидемиологияны оқыту тұжырымдамасын жасаңыз.
51. Қазақстан Республикасындағы қазіргі вакцинациямен алдын алу жүйесінің тиімділігін бағалаңыз.
52. Операциялық бөлмедегі беттерді өңдеуге арналған дезинфекциялаушы құралды таңдауды негіздеңіз.
53. COVID-19 пандемиясын жоюдағы ДДСҰ-ның рөлін сыни тұрғыдан бағалаңыз.
54. Ел ауқымында тұмаумен сырқаттанушылықтан келетін экономикалық зиянды бағалаңыз.
55. Аса қауіпті инфекциялармен ауыратын науқастарды мәжбүрлі оқшаулаудың этикалық аспектілерін негіздеңіз.
56. МКБИ-ді (ИСМП) тіркеу бойынша ресми статистикалық деректердің сенімділігін бағалаңыз.
57. Генетикалық түрлендірілген вакциналарды қолдануға қатысты сіздің ұстанымыңыз қандай?

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 10 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

58. Жаһандық қауіпсіздік үшін «Біртұтас денсаулық» (One Health) бағдарламасының маңыздылығын бағалаңыз.
59. АИТВ/ЖИТС-пен күрес бағдарламаларын қаржыландырудың басымдылығын негіздеңіз.
60. Әлемде полиомиелитті толық жою (эрадикация) перспективаларын бағалаңыз.

Нутрициология


1. «Нутрициология» пәні нені зерттейді?
2. Дене салмағының индексі (ДСИ) қандай көрсеткішті сипаттайды?
3. Ересек адам үшін ақуызды тұтынудың ұсынылатын тәуліктік мөлшері қандай?
4. Адам рационьнда макронутриенттерге қандай нутриенттер жатады?
5. Макронутриенттердің қайсысы адам ағзасының негізгі энергия көзі болып табылады?
6. Қандай тағамдық заттар микронутриенттерге жатады?
7. Адам ағзасында ақуыздар қандай негізгі қызметтерді атқарады?
8. Майда еритін дәрумендерді атаңыз.
9. Тағам өнімдеріндегі жасырын май дегеніміз не?
10. Тағам өнімдерінің гликемиялық индексіне ғылыми анықтама беріңіз.
11. Қантты шамадан тыс тұтыну не себепті адам денсаулығына зиянды деп есептеледі?
12. Адам ағзасында тағамдық талшықтың (клетчатканың) физиологиялық ролі қандай?
13. Неліктен D дәрумені адам ағзасы үшін маңызды нутриент болып табылады?
14. Ағза үшін ақуыз тапшылығы не себепті қауіпті болып саналады?
15. Адам тамақтануындағы майлардың биологиялық ролі қандай?
16. Неліктен суды жеткілікті мөлшерде тұтыну ағзаның қалыпты қызметі үшін қажет?
17. Неліктен егде жастағы адамдар мальнутриция қаупіне жиі ұшырайды?
18. Темірдің адам ағзасындағы ролі қандай?
19. Тұзды артық тұтыну денсаулыққа неліктен зиянды әсер етеді?
20. Тамақтану мен иммундық жүйе қызметінің өзара байланысын түсіндіріңіз.
21. Темір тапшылығы анемиясында диетаға қандай тағамдарды қосу ұсынылады??
22. Семіздік кезінде тамақтанудың негізгі қағидалары қандай?
23. Қан аздық (анемия) кезінде қандай тамақтану ұсынылады?
24. Іш қату (запор) кезінде қандай тағамдық ұсыныстар беріледі?
25. Жасырын май көбінесе қандай тағам өнімдерінде кездеседі?
26. Артериялық гипертензия кезінде қандай тамақтану өзгерістері қажет?
27. D дәрумені тапшылығы кезінде тамақтану қалай түзетіледі?
28. Лактозаға төзбеушілік кезінде қандай өнімдерді алып тастау қажет?
29. 6 айға дейінгі балаларға қандай тамақтану ұсынылады?
30. Балаларға қосымша тағамды қай жастан енгізу ұсынылады?
31. Ересек адамдар арасында семіздіктің дамуына қандай негізгі факторлар ықпал етеді?
32. Ағзада темір тапшылығының дамуының ең жиі кездесетін себептері қандай?
33. Ақуыз мөлшері төмен диетаны ұзақ уақыт сақтау қандай салдарға әкелуі мүмкін?
34. D дәрумені тапшылығының (гиповитаминоз D) ең жиі кездесетін себептері қандай?
35. 2 типті қант диабетінің даму қаупін арттыратын негізгі факторлар қандай?
36. Майларды шамадан тыс ұзақ уақыт тұтыну қандай бұзылыстарға әкелуі мүмкін?
37. Ағзаның сусыздануының (дегидратация) негізгі себептері қандай?
38. Жас ұлғайған сайын саркопения қаупінің артуы немен байланысты?
39. Қант мөлшері жоғары рацион ағзада қандай метаболикалық салдарға әкелуі мүмкін?
40. Жасырын май не себепті артық калория тұтынуға әкелуі мүмкін?
41. Күн сайын көп мөлшерде қант тұтыну пайдалы ма?
42. Неліктен күнделікті рационға көкөністерді енгізу қажет?

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 11 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

43. Тамақтану режимін бұзу және ас ішу уақытын өткізіп жіберу пайдалы ма?
44. Майларды тамақтанудан толықтай алып тастауға бола ма?
45. Әр күн сайын қантты энергетикалық сусын ішудің ықтимал салдары қандай??
46. Неліктен суды күнделікті тұтыну қажет?
47. Фастфуд өнімдерін жиі тұтыну ағзада қандай салдарға әкелуі мүмкін?
48. Қарапайым қанттарды артық тұтыну ағзаға қандай әсер етеді?
49. Тамақтануда әртүрлілікті сақтау неліктен маңызды?
50. Тамақты тұрақты режимде қабылдау неліктен маңызды?
51. «Супертағамдар» терминін қалай түсінесіз?
52. «Міндетті май қышқылдары» терминін анықтаңыз
53. Ағзаға натрийдің шамадан тыс түсуінің салдары қандай?
54. Ақуыздың биологиялық құндылығын анықтауда оның амин қышқылдары құрамының рөлін талдаңыз
55. Кардиоваскулярлық аурулардың дамуында трансмай қышқылдарының рөлін түсіндіріңіз
56. Адамның тағамындағы «жасырын майлардың» негізгі көздерін сипаттаңыз
57. «Диетаға байланысты аурулар» ұғымын түсіндіріп, олардың негізгі түрлерін сипаттаңыз
58. Спортшыға арналған жалпы диета жоспарын құрыңыз.
59. «Физикалық белсенділік коэффициенті (РАС)» ұғымын түсіндіріңіз және энергия қажеттілігін анықтаудағы оның маңызын сипаттаңыз
60. Өмірінің алғашқы жылындағы нәрестелерді күту бойынша қазіргі халықаралық тәсілдерді сипаттаңыз.

Геронтология


1. Геронтология ғылымының зерттеу нысаны қандай?
2. Ғылыми тұрғыда қартаю үдерісі қалай анықталады?
3. Гериатрия медициналық пән ретінде нені білдіреді?
4. Саркопенияның ғылыми анықтамасы қандай?
5. Полиморбидтілік дегеніміз не?
6. Когнитивтік бұзылыстар нені қамтиды?
7. Медицинада деменция қалай анықталады?
8. Патофизиологиялық тұрғыдан остеопороз дегеніміз не?
9. «Геропротекция» термині нені білдіреді?
10. Егде жастағы адамның функционалдық тәуелсіздігі қалай анықталады?
11. Неліктен жас ұлғайған сайын бұлшықет массасы азаяды?
12. Неліктен егде жастағы адамдарда құлау жиілігі артады?
13. Неліктен жас ұлғайған сайын есте сақтау қабілеті төмендейді?
14. Неліктен егде жастағы адамдарда сүйек сыну қаупі жоғарылайды?
15. Неліктен егде жастағы адамдарда тәбеттің төмендеуі жиі байқалады?
16. Неліктен егде жаста полиморбидтілік дамиды?
17. Неліктен жас ұлғайған сайын көру қабілеті нашарлайды?
18. Неліктен егде жаста физикалық белсенділік ерекше маңызды?
19. Неліктен әлеуметтік белсенділік егде жастағы адамдар үшін маңызды?
20. Неліктен егде жаста рационалды тамақтану ерекше маңызды?
21. Егде жастағы адамдарда құлау қаупі жоғары болған жағдайда қандай ұсыныстар беріледі?

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 12 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	


22. Саркопенияның дамуын алдын алу немесе баяулату үшін қандай шаралар қолданылады?
23. Егде жаста есте сақтау қабілеті төмендеген кезде қандай шаралар ұсынылады?
24. Егде жаста сүйек тінінің саулығын қалай қолдауға болады?
25. Егде жаста ұйқыны жақсартуға қандай шаралар ықпал етеді?
26. Жалғыздық сезімі болған жағдайда егде жастағы адамдарға не ұсынылады?
27. Деменцияның даму қаупін төмендетуге қандай шаралар көмектеседі?
28. Жалпы әлсіздік кезінде егде жастағы адамдарға қандай ұсыныстар беріледі?
29. Егде жаста сусызданудың алдын алу қалай жүзеге асырылады?
30. Егде жаста депрессиялық белгілер байқалған жағдайда қандай шаралар қолдану керек?
31. Егде жастағы адамдарда жиі құлаудың негізгі себептері қандай?
32. Деменцияның дамуына негізгі қауіп факторлары ретінде қандай факторлар қарастырылады?
33. Саркопенияның дамуының негізгі себептерін атаңыз.
34. Остеопороздың дамуына қандай себептер жатады?
35. Егде жаста депрессияның дамуының негізгі себептері қандай?
36. Егде жаста есте сақтау қабілетінің нашарлауына қандай факторлар ықпал етеді?
37. Егде жастағы адамдарда қимыл-қозғалыстың төмендеуінің себептері қандай?
38. Егде жаста сусыздану қаупін арттыратын факторлар қандай?
39. Неліктен егде жаста полиморбидтілік жиі дамиды?
40. Егде жаста өмір сапасының төмендеуіне қандай факторлар әсер етеді?
41. Егде жаста физикалық белсенділік пайдалы ма?
42. Егде жаста тамақтануды бақылау қажет пе?
43. Егде жастағы адамдар үшін әлеуметтік қарым-қатынастың маңызы бар ма?
44. Егде жастағы науқастарда созылмалы ауруларды уақтылы емдеу қажет пе?
45. Егде жаста күн тәртібін сақтау пайдалы ма?
46. Егде жаста дене салмағын бақылау қажет пе?
47. Егде жаста толыққанды ұйқының маңызы қандай?
48. Егде жаста суды тұрақты түрде тұтыну қажет пе?
49. Күн сайын қозғалыс белсенділігін сақтау неліктен маңызды?
50. Егде жаста профилактикалық медициналық тексерулер қажет пе?
51. Егде жастағы адамдарда құлаудың алдын алу бағдарламасын ұсыныңыз.
52. Белсенді ұзақ өмір сүруді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасаңыз.
53. Саркопенияның алдын алу жоспарын әзірлеңіз.
54. Егде жаста есте сақтау қабілетін қолдау және сақтау бағдарламасын ұсыныңыз.
55. Егде жастағы адамдардың өмір сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын құрастырыңыз.
56. Остеопороздың алдын алу бағдарламасын құрастырыңыз.
57. Егде жаста депрессиялық жағдайлардың алдын алу және түзету бағдарламасын ұсыныңыз.
58. Егде жастағы науқасқа жалпы күтім жоспарының тактикасын жасаңыз.
59. Салауатты қартаю бағдарламасын әзірлеңіз.
60. Геропротекция шараларын ұсыныңыз.

Биологиялық қауіпсіздік


1. «Биологиялық қауіпсіздік» ұғымына анықтама беріңіз.
2. «Биологиялық тәуекел» дегеніміз не?

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 13 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

3. ДДСҰ классификациясы бойынша микроорганизмдердің негізгі патогенділік топтарын атап шығыңыз.
4. Зертханалардың биологиялық қорғаныс деңгейлерін атаңыз (BSL-1–4).
5. «Биологиялық қорғаныс» (biosafety) және «физикалық биоқорғаныс» (biosecurity) дегеніміз не?
6. Зертханадағы жеке қорғаныс құралдарының (ЖҚҚ) негізгі компоненттерін атаңыз.
7. Патогенділік пен вируленттілік дегеніміз не?
8. Биологиялық қару мәселелерін қандай халықаралық конвенциялар реттейді?
9. «Зоонозды инфекциялар» дегеніміз не?
10. Стерилизация мен дезинфекцияның негізгі әдістерін атаңыз.
11. Инфекциялық және токсикалық агенттің айырмашылығын түсіндіріңіз.
12. Биологиялық зерттеулердегі «қос мақсатты» (dual-use) принципін мәні неде?
13. Трансмиссивті инфекциялардың берілу механизмін сипаттаңыз.
14. Биологиялық агенттерді сақтау үшін «суық тізбегі» жүйесінің маңыздылығын түсіндіріңіз.
15. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ҚР нормативтік-құқықтық базасының рөлі қандай?
16. Гендердің «вертикальды» және «горизонтальды» тасымалдануы ұғымын түсіндіріңіз.
17. Биологиялық сүзгілердің (HEPA) құрылымы мен функцияларын сипаттаңыз.
18. II класты биологиялық қауіпсіздік бокстарында (БҚБ) жұмыс істеудің ерекшелігі неде?
19. Табиғи ошақтарды бақылау үшін дератизация мен дезинсекцияның маңызын түсіндіріңіз.
20. Зертханалық үй-жайларды зоналарға бөлу принципін сипаттаңыз («таза» және «лас» зоналар).
21. Белгісіз штаммен жұмыс істеу кезінде биологиялық тәуекелге қалай бағалау жүргізіледі?
22. Биологиялық материал апаттық жағдайда төгілген кездегі іс-қимыл алгоритмін сипаттаңыз.
23. Патогендердің нақты тобы үшін дезинфекциялаушы құралды қалай таңдау керек?
24. Б және В класындағы медициналық қалдықтарды кәдеге жарату схемасын ұсыныңыз.
25. ПБА (патогенді биологиялық агенттерді) қауіпсіз тасымалдауды қалай ұйымдастыруға болады?
26. Обаға қарсы костюмді кию және шешу процедурасын сипаттаңыз.
27. Зертханалық жағдайда автоклав жұмысының тиімділігін қалай тексеруге болады?
28. Аса қауіпті инфекция (АҚИ) өршуіне күдік туындағанда экспресс-диагностиканың қандай әдістері қолданылады?
29. Антисептиктің жұмысшы ерітіндісінің қажетті концентрациясын қалай есептеуге болады?
30. II топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеуге зертхананың дайындығын тексеру үшін чек-лист құрастырыңыз.
31. Жаһандық жылыну мен қауіпті инфекциялар ареалының кеңеюі арасындағы байланысты талдаңыз.
32. Ғылыми-зерттеу орталықтарынан ПБА жылыстауының негізгі тәуекел факторларын анықтаңыз.
33. BSL-2 және BSL-3 деңгейіндегі зертханаларға қойылатын талаптарды салыстырыңыз.

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 14 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

34. Синтетикалық биологияның дамуы биоқауіпсіздікке төнетін қауіптерге қалай әсер ететінін талдаңыз.
35. Табиғи ортада антибиотикке төзімділіктің (резистенттілік) пайда болу себептерін анықтаңыз.
36. Зертханалардың ағын суларын зарарсыздандырудың түрлі әдістерінің тиімділігін салыстырыңыз.
37. Биологиялық қауіп-қатерлерге әрекет етудің ұлттық жоспарының құрылымын талдаңыз.
38. Зоонозды инфекцияларды мониторингілеудің қазіргі жүйелеріндегі кемшіліктерді анықтаңыз.
39. Құс тұмауының таралуындағы жабайы қоныс аударатын құстардың рөлін талдаңыз.
40. Медицина мен ветеринариядағы биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдерін салыстырыңыз.
41. Университеттегі биоқауіпсіздікті ішкі бақылау жүйесінің жобасын әзірлеңіз.
42. Мегаполис жағдайында инфекцияның таралуын болжау моделін ұсыныңыз.
43. Сібір жарасы ошағын жою бойынша іс-шаралар жоспарын құрыңыз.
44. Персоналды биоқауіпсіздік ережелеріне оқыту бағдарламасын әзірлеңіз.
45. Патогендер коллекциясына қол жеткізуді бақылаудың инновациялық әдісін ұсыныңыз.
46. Ветеринариялық және медициналық қызметтердің өзара іс-қимыл алгоритмін жобалаңыз (One Health).
47. Биотерроризм қаупі төнген кезде халықты ақпараттандыру стратегиясын әзірлеңіз.
48. Аймақтың биологиялық қорғалу деңгейін бағалауға арналған индикаторлар жүйесін ұсыныңыз.
49. Эпидқадағалау жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу концепциясын тұжырымдаңыз.
50. Мобильді зертхана үшін көп деңгейлі қорғаныс тосқауылының схемасын жасаңыз.
51. Тағам өнімдеріндегі ГМО-ны бақылау бойынша қолданыстағы шаралардың жеткіліктілігін бағалаңыз.
52. Эпидқадағалаудың орталықтандырылған және орталықтандырылмаған жүйелерінің арасындағы таңдауды негіздеңіз.
53. Қауіпті вирустардың геномдары туралы мәліметтерді жариялаумен байланысты тәуекелдерді бағалаңыз.
54. Денсаулық сақтау жүйесінің жаңа «Х ауруы» пандемиясына дайындығын сыни тұрғыдан талдаңыз.
55. Gain-of-function (функцияны күшейту) зерттеулерін жүргізудің этикалық аспектілерін негіздеңіз.
56. Карантиндік шектеулерді енгізудің әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалаңыз.
57. Антибиотиктердің орнына бактериофагтарды қолдануға қатысты сіздің ұстанымыңыз қандай?
58. Биоқауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін бағалаңыз.
59. Табиғи немесе әдейі жасалған биоқауіптерден қорғануға инвестиция салудың басымдылығын негіздеңіз.
60. Жаһандану жағдайында «Біртұтас денсаулық» (One Health) концепциясының өміршеңдігін бағалаңыз.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 15 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	


Фармация

Фармацевтическая химия

1. Стероидты қосылыстар (гестагендер, андрогендер, анаболиктер, эстрогендер): Жіктелуі және жалпы физика-химиялық қасиеттері қандай? Идентификациялау әдістері (стероидты циклге тән түсті реакцияларды қоса алғанда) және сандық анықтау (спектрофотометрия, хроматография) қалай жүргізіледі?
2. п-аминобензой қышқылының күрделі эфирлерінің (жергілікті анестезияға арналған заттар): Химиялық құрылымы және оның анестезиялық белсенділікке әсері қандай? Идентификациялаудың жалпы және жеке әдістері, азобоу түзу реакциясы және нитритометрия әдісі қалай жүргізіледі?
3. Фенилалкиламиндер және оксифенилалкиламиндер туындыларының (катехоламиндер және олардың аналогтары): Қышқыл-негіздік және тотығу-тотықсыздану қасиеттері қандай? Оксоқосылыстардың болмауына сынақ қалай жүргізіледі? Ерітінділердегі тұрақтылық мәселелері қандай және оларды шешу жолдары (тұрақтандырғыштар мен антиоксиданттарды қосу) қалай жүзеге асырылады?
4. Сульфаниламидтер: Ашылу тарихы және фармакокинетикасы бойынша жіктелуі қандай? Олардың сапасын бақылау үшін қолданылатын химиялық және физика-химиялық әдістер (броматометрия, нитритометрия, УК-спектрофотометрия) қалай таңдалады?
5. Пиразолон және пиразолидиндион туындылары: Қабынуға қарсы және анальгетикалық әсері бар дәрілік заттарды жасаудағы маңызы қандай? Олардың синтез әдістері және жалпы реакциялары (ауыр металл тұздарымен боялған кешендер түзу) қалай жүзеге асырылады?
6. Пиридин-3-карбон қышқылы, изоникотин қышқылы және пиридинметанол туындылары: Қасиеттері, алу әдістері және сандық анықтау (сусыз ортада қышқыл-негіздік титрлеу, комплексонометрия, рефрактометрия) қалай жүргізіледі?
7. Бензилизохинолин және фенантренизохинолин (морфинан) туындылары: Химиялық құрылымы мен фармакологиялық әсері арасындағы байланысы қандай (анальгетикалық белсенділікке жауапты құрылымдық фрагменттер)? Оларға қойылатын сапа талаптары, арнайы сақтау шарттары (А тізімі / есірткі заттар) және босату ережелері қандай?
8. Барбитур қышқылы (пиримидин-2,4,6-трион) туындылары: Қышқылдық қасиеттері және тұз түзу қабілеті қандай? Синтез әдістері және қышқылдық және тұзды формаларын дифференциалды талдау әдістері (аргентометрия, сусыз титрлеу) қалай жүргізіледі?
9. Пурин туындылары (ксантиндер): Олардың амфотерлі қасиеттері? Ауыр металл тұздарымен кешен (тұз) түзу реакцияларына негізделген жалпы талдау әдістері, мурексид сынамасы және сандық анықтау тәсілдері (спирттік ортада алкаиметрия) қалай жүргізіледі?
10. 1,4-бензодиазепин туындылары: Орынбасарлардың (галоген атомдары, фенил радикалы) фармакологиялық белсенділікке (транквилизаторлық және құрысуға қарсы әсерлер) ықпалы қандай? Синтез сызбасы, өзі екендігіне сынаулар (соның ішінде гидролиз реакциясы) және сандық анықтау әдістері қалай жүргізіледі?

Управление и Экономика Фармации


1. Мемлекеттік дәрілік саясатының негізгі принциптері.
2. Фармацевтикалық қызметті лицензиялауға қойылатын нормативтік-құқықтық талаптар және лицензия алу тәртібі.

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 16 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

3. Фармацевтикалық ұйымдардың қызметін айқындайтын, дәрілік заттардың сапасын, қауіпсіздігін және айналымын бақылайтын негізгі нормативтік-құқықтық актілер мен бұйрықтар.
4. Фармация экономикасының жалпы экономикадан ерекшеліктері және олардың фармацевтикалық нарықта дәрілік заттардың бағасының қалыптасуына және қолжетімділігіне әсері.
5. Дәрілік заттардың бағасын қалыптастыратын факторлар (өзіндік құн, сауда үстемесі, мемлекеттік реттеу, маркетингтік шығындар).
6. Дәріхана ұйымының жалпы табысы, оның көлеміне әсер ететін факторлар және оны жоспарлау.
7. Фармацевтикалық ұйымдарда еңбек көрсеткіштерін және еңбекақы қорын жоспарлау.
8. Көтерме және бөлшек сауда фармацевтикалық ұйымдарындағы басқарудың ұйымдастырушылық процестері және олардың ерекшеліктері.
9. Менеджменттің негізгі функциялары (жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация) және олардың фармацевтикалық қызметте жүзеге асырылуы
10. Фармацевтикалық ұйымдарда маркетингтік стратегияларды қолдану (баға стратегиялары, ассортименттік стратегия, ілгерілету стратегиялары (жарнама, PR), брендинг).

Фармацевтическая технология

1. Күрделі ұнтақтарда дозаның біркелкілігіне ұсақтау және араластыру процестері қалай әсер етеді және қоспаның қабаттасуын болдырмау үшін қандай технологиялық параметрлерді бақылау қажет?
2. Гранулалар мен драже алудың технологиялық тәсілдерін салыстырыңыз: әдісті таңдауға қандай факторлар әсер етеді және олар дәрілік заттың босап шығуына қалай ықпал етеді?
3. Қандай жағдайларда престелген таблеткаларға қарағанда тритурациялық таблеткаларды қолдану орынды және технология ерекшеліктері олардың сапасы мен тұрақтылығына қалай әсер етеді?
4. Медициналық ерітінділердегі этанол концентрациясын анықтау және түзету үшін қандай әдістер қолданылады және концентрация ауытқуы препараттың тұрақтылығына қалай әсер етеді?
5. Экстрагент пен экстракция әдісін таңдау, алынған экстракттардың құрамы мен фармакологиялық белсенділігіне қалай әсер етеді?
6. Биологиялық текті дәрілік препараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стандарттау кезеңдері қандай?
7. Дәрілік заттарды микрокапсулалау дәстүрлі дәрілік формалармен салыстырғанда қандай артықшылықтар береді және оны жүзеге асыру кезінде қандай технологиялық қиындықтар туындайды?
8. Жақпа майлар мен суппозиторийлердің негізін таңдау дәрілік заттың биожетімділігіне қалай әсер етеді және олардың сапасын бағалаудың қандай әдістері қолданылады?
9. Стерильді инъекциялық препараттарды өндіруге қойылатын GMP негізгі талаптары қандай және таза бөлмелердің жіктелуі технологиялық процесті ұйымдастыруға қалай әсер етеді?
10. Офтальмологиялық препараттарды әзірлеу кезінде көздің қандай құрылымдық ерекшеліктерін ескеру қажет және заманауи терапевтикалық жүйелер олардың тиімділігін қалай арттырады?

 <small>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</small>	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 17 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

Клиникалық психология

Бұл сұрақтар магистратураның зерттеу жобасының талаптарын, жаңа салаға көшу қиындықтарын және денсаулық сақтау жүйесінде жұмыс істеу ерекшеліктерін шешуге арналған. Олар мотивацияны, академиялық жетілуді және өзін-өзі тәрбиелеуді бағалауға арналған.

Адыңғы тәжірибе мен мансаптық бағытты бағалау, кәсіби мотивацияның жетілуі.

1. Неліктен сіз өзіңді практикалық жұмыспен немесе қысқа мерзімді курстармен шектемей, клиникалық психология бойынша мамандандырылған магистратура бағдарламасына түсуді шештіңіз?

2. Денсаулық сақтау жүйесінде клиникалық психолог ретінде жұмыс істеудегі ұзақ мерзімді кәсіби мақсатыңыз ретінде нақты нені санайсыз?

3. Магистр дәрежесі сіздің қазіргі кәсіби бағытыңызға қалай әсер етеді?

Зерттеу құзыреттіліктері және ғылыми дайындық

4. Бұрынғы ең қиын зерттеу тәжірибеңізді сипаттаңыз (курстық жұмыс, диплом, қолданбалы жоба). Деректерді өңдеудің қай кезеңдері сізге ең үлкен қиындықтар туғызды? Магистрлік жобаңыздың талаптарын, соның ішінде статистикалық талдауды және дәлелді медицина стандарттарына сәйкес нәтижелерді ұсынуды қалай орындауды жоспарлап отырсыз?

Жұмыс жүктемесін басқару, төзімділікті бағалау және бейімделу.

5. Біздің магистратура бағдарламамызда оқу қарқынды аудиториялық жұмысты, клиникалық тәжірибеден өтуді және тәуелсіз зерттеулерді қамтиды. Бұл оқушылардың белсенділігінің өзгеруіне байланысты стресс тудырады. Магистратура кезінде оқуды, зерттеуді, кәсіби қызметті және жеке өмірді қалай біріктіруді жоспарлап отырсыз?

Академиялық жетілуді және көңілсіздікке төзімділікті бағалау

6. Зерттеу жобасы бірізділікті, тәртіпті және сынмен жұмыс істеуді талап етеді. Әдетте сынға немесе теріс пікірге қалай жауап бересіз?

7. Өткендегі жоспарыңыздың бұзылуына және мәселені шешуге деген көзқарасыңызды өзгертуге тура келген жағдай туралы айтып беріңіз. Сіз қалай жауап бердіңіз және қазір нені басқаша істер едіңіз?

Клиникалық дайындықтағы олқылықтарды жоюға ынталандыру

8. Клиникалық психология саласындағы өзіңді ең аз құзыретті сезінетін екі нақты тақырыпты атаңыз (мысалы, патопсихологиялық синдромология, психосоматика негіздері) және бірінші семестрдің соңына дейін осы олқылықтарды зерттеу жобаңызға кедергі келтірмеу үшін жою стратегияңызды сипаттаңыз.


9. Клиникалық психология немесе психикалық денсаулық саласындағы қандай зерттеу тақырыптарын бүгінгі таңда қоғам мен денсаулық сақтау жүйесі үшін ең өзекті деп санайсыз?

Үміткерлердің шынайылығын және рефлексия деңгейін тексеру

10. Тәжірибеңізде сізді академиялық сәтсіздіктерге төзімді ететін бір қасиетті атаңыз (мысалы, перфекционизм сізге кедергі келтіре ме, әлде көмектеседі ме?). Сондай-ақ, тиімді клиникалық психолог және зерттеуші болу үшін магистрлік диссертацияңыз кезінде дамытқыңыз келетін тағы бір қасиетті атаңыз. Неліктен сіз осы ерекше қасиеттерді таңдадыңыз?

Мейіргер ісі

1. Неліктен сіз магистратурада оқығыңыз келеді және қандай ғылыми немесе


 <small>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</small>	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 18 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

практикалық мәселені зерттеуді жоспарлайсыз?


2. Кәсіби салаңыздағы қандай зерттеу сұрағы бүгінгі күні ең маңызды деп санайсыз?
3. Ғылыми зерттеулер мен медициналық көмек сапасын жақсарту арасындағы байланысты қалай түсінесіз?
4. Сіздің ойыңызша, медицина немесе мейіргер ісі магистрі клиникалық тәжірибені дамытуда қандай рөл атқаруы тиіс?
5. Кәсіби сын-пікірлер мен кері байланысқа қалай қарайсыз?
6. Ғылыми зерттеулерде жүйелі шолу қалай жүргізілетінін сипаттаңыз.
7. Когорттық зерттеу дегеніміз не және оның клиникалық зерттеуден айырмашылығы қандай?
8. Мейіргерлік көмекті ұйымдастырудағы қандай мәселе жеткілікті деңгейде бағаланбай келеді деп ойлайсыз?
9. Сапалық және сандық зерттеу әдістерінің айырмашылығы неде және олар медицинада қалай қолданылады?
10. Ғылыми мақаланың сапасын қалай бағалауға болады?
11. Ғылыми жарияланымдарға қатысу тәжірибеңіз бар ма? Егер бар болса, сол туралы айтып беріңіз.
12. Ғылыми зерттеулердегі статистиканың рөлі қандай?
13. Жарияланымдарда ұсынылған ғылыми деректердің сенімділігін қалай бағалайсыз?
14. Медициналық ғылыми зерттеулердегі этиканың негізгі қағидаттары қандай?
15. Медициналық командадағы көшбасшы ретіндегі мейіргердің рөлін қалай бағалайсыз?
16. Мейіргерлік тәжірибеге жаңа технологияларды (цифрландыру, жасанды интеллект) енгізуге қалай қарайсыз?
17. Құзыреттер тұрғысынан мейіргер ісі бакалавры мен магистрінің айырмашылығы неде деп ойлайсыз?
18. Сіз үшін «пациентке бағдарланған тәсіл» нені білдіреді?
19. Дәлелді медицина дегеніміз не және ол медициналық тәжірибеге қалай әсер етеді?
20. Дәлелді медицинада дәлелділіктің қандай деңгейлері бар?
21. Медициналық ұсынымдарды растау үшін қандай ақпарат көздері ең сенімді болып табылады?
22. Дәлелді медицина контексінде ғылыми деректерді сыни талдаудың негізгі қағидаттары мен әдістері қандай?
23. Клиникалық нұсқаулықтар дегеніміз не және оларды мейіргерлер тәжірибеде қалай қолдана алады?
24. Магистратураны аяқтағаннан кейін өз алдыңызға қандай кәсіби мақсаттар қоясыз?
25. Ғылыми деректерді практикалық медицинаға енгізу үдерісін қалай түсінесіз және осы жолда қандай кедергілер болуы мүмкін?

Биология

1. Биологиялық макромолекулалар: нәруыздар. Нәруыздардың жіктелуі. Нәруыздардың кеңістікте ұйымдасуының ерекшеліктері. Қызметтері мен қасиеттері.
2. Нуклеин қышқылдары. ДНҚ-ның кеңістікте ұйымдасуының ерекшеліктері. Митохондриялық ДНҚ-ның құрылыс ерекшеліктері

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 19 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

3. Нуклеин қышқылдары. Жасушада РНҚ түрлері. РНҚ типтерінің қызметтері. РНҚ нуклеотидтерінің құрылымы.
4. Вирустар-жасушаға дейінгі тіршілік иелері. Вирустардың генетикалық аппаратының ерекшеліктері. РНҚ-дан және ДНҚ-дан тұратын вирустар. Бактериофагтар.
5. Жасуша-тіршіліктің ең маңызды құрылымдық-қызметтік бірлігі. Жасуша теориясы. Прокариот және эукариот жасушаларының құрылымдық ерекшеліктері.
6. Жасуша мембранасының молекулалық құрылысы. Мембраналық липидтер және нәруыздар. Жасуша мембранасының қызметі, қасиеттері.
7. Төменгі молекулалық заттардың мембрана арқылы тасымалдануы: активті, пассивті.
8. Жоғары молекулалық заттардың мембрана арқылы тасымалдануы: эндоцитоз және экзоцитоз. Түрлері. Везикулалық тасымалдау туралы түсінік.
9. ДНҚ репликациясы. Репликациялық кешеннің пайда болуы. Репликация кезеңдері. Бастаушы және кешігуші тізбектің синтезінің ерекшеліктері.
10. Теломералық ДНҚ-ның репликациясының ерекшеліктері. ДНҚ репликациясында теломера мен теломеразаның рөлі. Теломераның қызметтері.
11. Генетикалық инженерия негіздері. Гендік-инженерлік технологиялар. Негізгі кезеңдері. Әдістері. Ағзаларды клондау.
12. Жасушаның генетикалық аппараты. Хромосома. Хромосомалардың морфологиялық жіктелуі. Кариотип. Эухроматин және гетерохроматин.
13. Молекулалық-генетикалық зерттеу әдістері: ДНҚ-ны бөліп алу, ПТР, амплификация, электрофорез, секвендеу.
14. Биоинформатика. Биоинформатиканың мақсаттары мен міндеттері. Электрондық мәліметтер базасы және биомедициналық сайттар.
15. Нәруыз биосинтезі. Транскрипция және трансляция. кезеңдері, сипаттамасы. Прокариот және эукариоттағы ерекшеліктері. мРНҚ-ның посттранскрипциялық модификациясы. Генетикалық код, түсінік, қасиеттері.
16. Мутация. Мутациялардың жіктелуі. Мутагенез және мутагендік факторлар. Мутагендік факторлардың жіктелуі.
17. Жасуша пролиферациясы. Жасушалық цикл. Жасушалық циклдің фазалары. Митоз. Митоздың цитогенетикалық сипаттамасы.
18. Ген туралы түсінік. Прокариот гендерінің құрылымдық ұйымдасуы. Эукариот гендерінің құрылымдық ұйымдасуы. Гендердің жіктелуі.
19. Геном туралы түсінік. Прокариот және эукариот геномы. Адам геномының ұйымдастырылуы.
20. Прокариот гендері экспрессиясының молекулалық механизмдері. Оперон теориясы. Индукция және репрессия механизмдері бойынша реттелетін оперондардың жұмыс істеуі.
21. Эукариоттардағы ДНҚ-ның функционалдық бөлімдері. Кластерлік гендер. Эукариоттардағы ген экспрессиясының реттелуі.
22. Жасушааралық сигналдық заттардың жалпы сипаттамасы. Сигналдық заттар. Гормондар. Нейромедиаторлар. Гистогормондар.
23. Жасушалық циклдың реттелуі. Жасуша циклінің реттелуіндегі циклин және циклинтәуелді киназалардың рөлі. Митоз стимулдаушы фактор туралы түсінік (MPF). Бақылау нүктелері.
24. Апоптоз туралы жалпы түсінік. Апоптоздың морфологиялық сипаттамасы. Ішкі салдардан болатын апоптоз. Сыртқы фактор салдары бойынша апоптоз. Апоптоз қарулары. Каспазалар. Эндонуклеазалар.
25. Жасушаның антимутациялық барьерлері. Репарация. Репарация түрлері.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 20 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	


26. Белгілердің тұқым қуалау типтері. Ядролық тұқым қуалау. Цитоплазмалық тұқым қуалау.

27. Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясы. Т.Морган. Тіркес тұқым қуалау заңдылықтары.

28. Гендердің өзара әрекеттесуі. Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуі, түрлері.

29. Популяциялық генетика негіздері. Адам популяциясы. Демографиялық көрсеткіштер. Генетикалық көрсеткіштер. Харди - Вайнберг заңы.

30. Экогенетика. Индукцияланған мутациялық процесс. Эпигенетика. ДНҚ-ның метилденуі. Гистондардың модификациясы. Механизм.

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 21 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

2-қосымша

Бағалау шкаласы

МАГИСТРАТУРА (100 балл)

1-критерий. Академиялық тіл (0–25 балл)

Деңгей	Балл	Сипаттама
Жоғары	20–25	Кәсіби сөйлеу, нақты терминология
Жақсы	15–19	Ұсақ қателерге жол беріледі
Орташа	8–14	Жеңілдетілген сөйлеу
Төмен	0–7	Ойды жеткізуде қиындықтар

2-критерий. Кәсіби білім (0–35 балл)

Деңгей	Балл	Сипаттама
Жоғары	30–35	Терең білім, талдау қабілеті
Жақсы	22–29	Сенімді білім
Орташа	15–21	Беткей білім
Төмен	0–14	Жеткіліксіз дайындық

3-критерий. Зерттеу әлеуеті (0–20 балл)

Деңгей	Балл	Сипаттама
Жоғары	16–20	Аналитикалық ойлау, ғылымға қызығушылық
Жақсы	10–15	Шектеулі талдау дағдылары
Орташа	5–9	Әлсіз дағдылар
Төмен	0–4	Зерттеуді түсінбе

4-критерий. Уәждеме (0–20 балл)

Деңгей	Балл	Сипаттама
Жоғары	16–20	Нақты мақсаттар, саналы таңдау
Жақсы	10–15	Жалпы түсінік
Орташа	5–9	Әлсіз дәлелдеме
Төмен	0–4	Таңдауды түсінбеу

Қорытынды:

85–100 — ұсынылады

65–84 — шартты түрде ұсынылады

<65 — ұсынылмайды


Қорытынды бағаны анықтау тәртібі

Комиссияның әр мүшесі барлық критерийлер бойынша балл қояды.

Қорытынды баға арифметикалық орташа мән ретінде анықталады.

Нәтижелер хаттамамен рәсімделеді.

Қорытынды шешім: оқуға қабылдауға ұсынылады; ұсынылмайды.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 22 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

3-қосымша

Апелляциялық комиссия төрағасына

Талапкердің тегі, аты және әкесінің аты _____

ЖСН (ИИН) _____

АПЕЛЛЯЦИЯҒА ӨТІНІШ

Маған қойылған әңгімелесу нәтижелерін қайта қарауыңызды сұраймын, себебі

(өтініш беру себебін көрсету — тапсырманың дұрыс еместігі және т.б.).


Нәтижелер жарияланған күні _____

/_____/ /_____/ /_____/

Қолы

Т.А.Ә.

Күні

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 23 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

4-қосымша

ШАҚЫРУ ХАТЫ

«Астана медициналық университеті» КеАҚ _____ (Т.А.Ә.), төлқұжат
№ _____, **туған күні** _____, **Университетке**
« _____ » мамандығы бойынша _____
оқу жылында қабылданғанын растайды. Оқу мерзімі _____ жыл.


_____ оқу жылына арналған оқу ақысы _____ құрайды. Оқу
ақысының мөлшері Университет тарапынан оқу құнының өзгеруіне байланысты жылына
бір реттен жиі емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы
айқындайтын инфляция деңгейіне сәйкес өзгертілуі мүмкін. Оқу ақысының өзгеруі осы
Шартқа қосымша келісім арқылы ресімделеді.

Оқудың бірінші жылы үшін төлем білім алушы немесе кепілгер тарапынан біржолғы
(100%) түрде ағымдағы оқу жылының бірінші семестрі басталғанға дейін төленеді. Оқу
ақысы төменде көрсетілген Университеттің шотына тікелей аударылуы мүмкін:

«Астана медициналық университеті» КеАҚ
Астана қ., Сарыарқа даңғылы 33
«Халық Банкі», Астана, Қазақстан
Шот №: KZ986010111000160561 (USD)
БСН: 080940008218
БСК: HSBKKZKX

«Астана медициналық университеті» КеАҚ оқу ақысы Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің ресми валюта бағамына (АҚШ доллары/теңге) сәйкес күнделікті/жылдық
негізде конвертацияланады.

Проректор

	«Астана медициналық университеті» КеАҚ	Стр 24 из 24
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

5-қосымша

«Астана медициналық университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы – Ректорына

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Тұратын мекенжайы _____

Үй телефоны: 8 () _____

Ұялы телефоны: 8 () _____

ӨТІНІШ

Мені «Астана медициналық университеті» КеАҚ-ға ақылы негізде
_____ білім беру бағдарламасы бойынша
оқуға қабылдауыңызды сұраймын.

Оқу тілі: _____

Ата-анасы (заңды өкілі) туралы мәліметтер:

Әкесінің (заңды өкілінің) Т.А.Ә. _____

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____

Тұратын мекенжайы _____

Байланыс телефоны _____

Анасының Т.А.Ә. _____

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____

Тұратын мекенжайы _____

Байланыс телефоны _____

«__» _____ 20 ж. Қолы _____